



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 ж. 16 мамыр

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ *239*

город НУР-СУЛТАН

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамының
жарияланған акцияларының санын
ұлғайту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, «БизнесПартнерКонсалт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұсынған 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № БПК-318/ALM-151 жылжымайтын мүліктің нарықтық құнын бағалау туралы есептің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2021 жылғы 23 ақпандағы № КГИП-03-КТ/1246-И хатының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ксмерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жарияланған акциялар саны номиналдық құны 1000 (бір мың) теңгені құрайтын 746 186 (жеті жүз қырық алты мың жүз сексен алты) дана жай акцияны шығару арқылы ұлғайтылсын.

2. Қоғамның басқарма төрағасы - ректоры (Е. Сыдықов):

1) осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру, орналастырылатын акциялардың саны және оларды орналастыру әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдасын;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып есептелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің аппарат басшысы Қ.М. Сәрсембаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**



А. Аймағамбетов